Қосымша 12.

**5B050900 - Қаржы мамандығының білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер**

| **Құзыреттіліктердің түрі** | **Қалыптасатын құзыреттіліктер** | **Зерттеу кезінде қалыптасатын құзыреттіліктер** |
|---|---|---|
| Ана тілі саласындағы құзыреттіліктер | Тілдің оқу мақсатындағы негізгі лексикологиясын және мамандық тілін, терминологиясын білу және түсіну керек. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілді жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі Қазақстанда әлеуметті-экономикалық жүйенің қалыптасуын, оқушылардың әлемдік танымын қалыптастыру. Коммуникативтік құзыреттілік дағдыны қалыптастыру және дамыту, бәсекеге қабілетті әрі құзыреттілігі жоғары тұлғаның кәсіптік маңызы бар жағдайларда ғылыми тілмен қазақша ойын толық және анық жеткізуі үшін тілдік кәсіби бағдарға дайындықты қамтамасыз ету. | Коммуникативті модуль |
| Шет тілдері саласындағы құзыреттіліктер | Орыс, шетел тілдері оқыту мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктері, даму тарихы мен қазіргі жағдайы туралы білу және түсіну керек. Орыс, шет ел тілдерінің жүйесін, құрылымы мен қызметін, тіл жүйесінің негізгі категорияларын, олардың деңгейлік құрылысын, фонетикалық және лексика – фразеологиялық жүйелердің өзгешілігін, қазіргі әдеби тілдердің грамматикалық құрылысын біліп, кәсіби | Кәсіби тілдер және экономикадағы математика модулі |

| | | |
|---|---|---|
| | қызметінде қолдана білу керек. Орыс, шетел тілдерінің лексикалық қабаттары мен стильдік мінездемесіне сәйкес ажырата білу керек. Орыс, шетел тілдерінің құрылымы, тілдік бірліктері мен олардың қызметін, негізгі даму сатылары туралы негізгі білімдерін қолдана алу керек | |
| Іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық дайындық бойынша құзыреттіліктер | Ғылыми және техникалық дайындық – Оқу және ғылыми мақсаттарда жоғары жетістіктерге жетуде және әлеуметтік-экономикалық даму саласында сараптама (математикалық моделдеу) жасау маман ретінде қажетті жаңа ақпараттарды қолдану үшін өз бетінше ғылыми іздену жұмыстарын жүргізу керек. Еркін қарым-қатынас жасай білу және өзіндік жұмыс нәтижелерін жазбаша, ауызша формада көрсете білу керек. | Кәсіби тілдер және экономикадағы математика модулі |
| Компьютерлік бойынша құзыреттіліктер | Қаржылық-экономикалық қызметінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана білу қажет. Әлеуметтік-экономикалық саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттандыру қоғамының жаңа талаптарын орындауы, оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды қолданылуы, техника және технологияларды жетік меңгеру қажет етеді. | Бағалы қағаздар және банктік маркетинг модулі |
| Оқу бойынша құзыреттіліктер | Қоғам туралы жүйелі түсініктер, басқарушылық шешімдерді экономикалық тұрғыдан негіздей білу, | Ақпараттық-тарихи модулі, Менеджмент және маркетинг модулі, Қазынашылық және сақтандыру модулі, |

| | | |
|---|---|---|
| | қаржылық және әкімшілік-басқарушылық қызметтерді аңықтап білу, қаржы-экономиклық жүйенің даму келешегін болжау білу. Қоғамдағы болып жатқан экономикалық құбылыстарға баға беріп, анализ жасай алуы тиіс. Әлемдегі әлеуметтік-экономикалық үрдістерді бағалай және талдай білуі керек. Қаржы есептің халықаралық стандарттарын білу және экономиканың жаһандану жағдайында оларды отандық тәжірибеде пайдалану. | Банктегі қаржылық операциялар модулі, Дене шынықтыру модулі |
| Әлеуметтік (тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық) құзыреттіліктер | Тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық/ - берілген пән әлеуметтік құрылым туралы, әлеуметтік процесстер мен әлеуметтік институттар – қоғам дамуының өте маңызды элементтері ретінде, әр түрлі әлеуметтанулық бағыттар мен мектептер, жинау әдістемесі және әлеуметтік ақпараттарды өңдеу жөнінде жүйеге келтірілген білімдерді алуға бағытталған. Мінез-құлық пен кәсіби этиканың жалпыадамзаттың нормаларын пайдалану, адамгершілік қағидаттары мен этикалық мінезі-құлықтың, мәдениеттің жоғары деңгейін меңгеру. Студенттерге теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұтымды үйлестіру негізінде қаржы-экономикалық жүйенің даму келешегін болжай білу | Қоғамдық-әлеуметтік модулі |
| Кәсіпкерлік, экономикалық құзыреттіліктер | Нарықтық-экономикалық жағдайында кеңес беру қызметі қаржы нарығындағы салық | Экономикаға кіріспе модулі, Қаржы және есепке кіріспе модулі, Қаржы және қаржы |

| | | |
|---|---|---|
| | салу, бюджеттеу және функционалдау сұрақтарына байланыстырады. Шаруашылық жүргізу механизмінің радикалды реформасы экономикалық теория алдында жаңа міндеттер ұсынды. Қазіргі экономикалық дамудың ерекшеліктеріне сүйене отырып, өмірдің өзі қойған сұрақтарына жауап беру қажет | менеджменті модулі, Экономика-статистикалық реттеу модулі, Қаржылық-экономикалық талдау және аудит модлі, Салық және салық есебі модулі, Қаржы нарықтары және банк ісі модулі |
| Мәдени, сондай-ақ қосымша қабілеттер | Мәдени, сондай-ақ қосымша қабілеттер сын тұрғысынан ойлау, креативті, /шығармашылық/, инновациялық өлшем, белсенді өмірлік ұстаным-Білім беру саласында жаңа инновациялық үрдістерді меңгеруі, Қоғамдық жүйеге, оқиғаларға сын тұрғысынан қарай білуі керек. Интелектуалдық, моральдық-адамгершілік, коммуникативтік, ұйымдастырушылық - басқарушылық дағдыларын дамытуға ұмтылуы керек. Қазіргі ақпарат мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жаңа білімді меңгеруі тиіс | Экономикалық тарих және саясат модулі, Құқықтық негіздеме модулі, Халықаралық қаржы және несие модулі, Кәсіби практика модулі |